



Утемис Н.У., Боранбаева Б.С.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

E-mail: utemis.nrlan@mail.ru, bbaktyly@bk.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАРАТӨБЕ ӨңІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚТАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қаратөбе өңірінің әлеуметтік-саяси және экономикалық даму ерекшеліктері аймақтық деректер негізінде талданады. Зерттеу барысында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, 1917-1920 жылдардағы қоғамдық-саяси өзгерістер, кеңестік биліктің орнығуы және 1928 жылғы әкімшілік реформалар кезеңіндегі қоғамдық үдерістер қарастырылды. Соңалы болысындағы көтеріліс жергілікті халықтың отарлық саясатқа қарсылығының көрінісі ретінде бағаланып, оның өңірдің саяси белсенділігінің артуына тигізген ықпалы айқындалды. 1928 жылғы әкімшілік-аумақтық негізде қайта құру нәтижесінде Қаратөбе ауданы құрылып, кеңестік басқару жүйесіне енгізілді. Архив құжаттары мен статистикалық деректер негізінде ауданның демографиялық ахуалы, шаруашылық құрылымы, сауда айналымы мен әлеуметтік инфрақұрылымы сараланды. Мал шаруашылығының басымдығы, егіншіліктің нашар дамуы және кооперативтік жүйенің енгізілуі экономикалық трансформацияның негізгі бағыттарын көрсетті. 1928 жылғы байларды тәркілеу науқаны мен күштеп ұжымдастыру дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп, әлеуметтік жіктелуді күшейтті және ашаршылықтың алғышарттарын қалыптастырды. Сонымен қатар саяси қуғын-сүргін мен соғыс жылдарындағы демографиялық ахуал өңірдің дамуына ұзақ мерзімді зардап әкелді. Қаратөбе ауданы мысалында кеңестік аграрлық реформалардың аймақтық деңгейдегі салдары ғылыми тұрғыда тұжырымдалды.

Кілт сөздер: Қаратөбе өңірі; байларды тәркілеу; ұжымдастыру; кеңестік аграрлық саясат; дәстүрлі мал шаруашылығы; ашаршылық; әлеуметтік құрылым; демографиялық апат; аймақтық тарих; қуғын-сүргін.

Кіріспе

XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан тарихы, әсіресе кеңестік аграрлық саясаттың жүзеге асырылуы мен оның салдары бүгінгі таңда отандық тарих ғылымындағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Кеңес билігі жүргізген байларды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру және әкімшілік-әміршілдік реформалар қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертті. Бұл үдерістердің аймақтық деңгейдегі нақты көріністерін тарихи деректер негізінде жан-жақты талдау – өткеннің шынайы бейнесін қалпына келтірудің маңызды алғышарты болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, кеңестік аграрлық саясаттың Қазақстанның батыс аймақтарында, соның ішінде Қаратөбе өңірінде жүзеге асырылу ерекшеліктерін зерттеу ерекше маңызға ие. Себебі аталмыш науқандар тек экономикалық сипаттағы реформалар ғана емес, сонымен қатар қазақ ауылының әлеуметтік құрылымын бұзуға, дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретуге және жергілікті ықпалды топтарды жоюға бағытталған саяси-идеологиялық әрекеттер болды. Ұзақ уақыт бойы бұл мәселелер кеңестік идеология шеңберінде біржақты бағаланып, аймақтық деректер ғылыми айналымға толық енгізілмей келді.

Тәуелсіздік жағдайында ұлттық тарихты жаңаша пайымдау, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және кеңестік кезеңнің ақтаңдақ беттерін ашу – бүгінгі тарихи ғылымның басты міндеттерінің бірі. Бұл әсіресе архивтік құжаттар мен статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, нақты бір өңірдің тағдыры арқылы жалпыұлттық үдерістерді көрсетуге мүмкіндік береді. Қаратөбе ауданы мысалында байларды тәркілеу мен ұжымдастыру саясатының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдарын талдау қазақ халқының XX ғасырдағы тарихи трагедиясының аймақтық қырларын ашуға жол ашады. Сондықтан аталған мәселені ғылыми тұрғыда зерттеу – өткеннің шынайы бейнесін тануға, ұлттық жадыны жаңғыртуға және болашақ ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға қызмет ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.



Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың деректік негізін Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің 992-қоры, 1-тізбесі, 1 және 7-істері, сондай-ақ «Уральский округ и его районы» атты статистикалық-анықтамалық жинақтың 6 шығарылымындағы деректер құрайды. Аталған архив құжаттары мен дереккөздерде 1928 жылғы байларды тәркілеу науқаны, Қаратөбе ауданы бойынша мал-мүлікті есепке алу, жер аудару туралы куәліктер, округтік атқару комитетінің қаулылары мен статистикалық мәліметтер қамтылған. Сонымен қатар «Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1913 год» атты анықтамалық басылымның деректері, Батыс Қазақстан облысы мен Қаратөбе ауданына арналған тарихи-танымдық анықтамалықтар, өңір тарихына қатысты ғылыми еңбектер мен мақалалар кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу барысында гуманитарлық ғылымдарға тән теориялық және арнайы тарихи әдістер кешені қолданылды. Теориялық деңгейде талдау және жинақтау әдістері арқылы архивтік құжаттар мен ғылыми әдебиеттер сараланды. Индукция тәсілі нақты аймақтық деректер негізінде кеңестік аграрлық саясаттың жалпы үрдістерін тұжырымдауға мүмкіндік берді, ал дедукция жалпы тарихи процестерді Қаратөбе өңірі мысалында нақтылауға бағытталды. Материалдарды кезеңдерге бөлу және жүйелеу мақсатында классификациялау әдісі қолданылды. Эмпирикалық деңгейде негізгі әдіс ретінде архивтік зерттеу және құжаттық талдау пайдаланылды. Статистикалық әдіс арқылы 1917-1928 жылдар аралығындағы халық саны мен мал басының динамикасы салыстырмалы түрде өңделді. Арнайы тарихи әдістерден тарихи-генетикалық әдіс құбылыстардың пайда болу себептері мен даму эволюциясын ашуға қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі шаруашылық құрылым өзгерістері сараланды. Тарихи-реконструктивтік әдіс негізінде тәркілеу науқанының барысы мен оның әлеуметтік салдары аймақтық деңгейде қайта құрылды.

Зерттеуде хронологиялық, жүйелік және проблемалық тәсілдер басшылыққа алынып, Қаратөбе өңіріндегі ХХ ғасырдың I жартысындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістер біртұтас тарихи контексте қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері

ХХ ғасырдың I жартысы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен саяси жүйесіндегі тектоникалық өзгерістермен сипатталады. Бұл кезеңдегі жалпыұлттық үдерістерді жекелеген аймақтар деңгейінде зерттеу тарих ғылымы үшін аса маңызды. Осы орайда, Батыс Қазақстан аймағындағы бай тарихи-мәдени мұраға ие Қаратөбе өңірінің орны ерекше. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы күрделі тарихи оқиғалар өңірдің әлеуметтік-саяси келбетін түбегейлі өзгертті. Бұл уақыт аралығында, әсіресе 1916 жылғы ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыстар, 1917–1920 жылдардағы революциялық өзгерістер мен кеңестік биліктің орнығуы аймақ тарихында айрықша із қалдырды. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты салдарынан туындаған жер тапшылығы, ауыр салық жүйесі мен әкімшілік озбырлықтар жергілікті халықтың саяси санасының өсуіне ықпал етіп, империялық билікке қарсы наразылықты күшейтті. Тарихи сол кезеңде Орал облысы, Ілбішін уезінің құрамында болған, бүгінгі күні Қаратөбе ауданына қарайтын Соналы болысында орын алған қоғамдық өзгерістер мен саяси серпілістің айқын көрінісі болды. 1916 жылғы 25 маусымда қабылданған патша жарлығына сәйкес 19 бен 43 жас аралығындағы қазақ ер азаматтарын тыл жұмыстарына алу туралы шешім халық арасында жаппай толқуға себепкер болды. Аталған жарлық ұзақ уақыт бойы қордаланған әлеуметтік теңсіздік пен отарлық қысымға қарсы наразылықтың ашық сипат алуына түрткі болды. Көтеріліс тек қара жұмысқа алу шарасына қарсылық қана емес, сонымен қатар жерінен айырылған, саяси құқықтары шектелген халықтың отарлық басқару жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысы ретінде көрінді. Батыс Қазақстан аймағының көптеген бөлігін қамтыған бұл қозғалыстың негізгі ошақтары Орал облысының оңтүстік және шығыс бөліктерінде шоғырланды. Қаракөл, Қарабау, Соналы, Бұлдырты, Қалдығайты және Өлеңті болыстарындағы қарсылық әрекеттері өзара байланысып, кең ауқымды сипат алды [1, 434 б].

Орал облысы Ілбішін уезінің құрамында болған, қазіргі Қаратөбе ауданы аумағында орналасқан Соналы болысында 1912 жыл, 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 14 ауыл тіркеліп, 10 666 адам қоныстанған [2, 94 б.]. Бұл болысты әр кезеңде Мұхамеджан Сарығожин, Төлеген Иманғазиев тізгіндесе, 1916 жылға қарай Көшербай Сарығожин (Тапай) басқарған. Патша үкіметінің 1916 жылғы маусым жарлығы жарияланғаннан кейін Көшербай болыс оны орындауға белсенді кірісіп, нөкерлерімен бірге Сулықөл, Батпақкөл, Соналы және Үшағаш ауылдарын аралап, тыл жұмысына алынатын жігіттердің тізімін жасақтатты. Алайда бұл іс-әрекет халық наразылығын күшейтіп, ел ішінде ашық қарсылықтың өршуіне әкелді. Осы жағдайда болыс әрекетіне қарсы Сенғали Дәуешұлы бастаған наразы топ қалыптасып, көтеріліске ұласты. Көтерілісшілер болыс жасаған тізімді жойып, тыл жұмысына адам жібермеуді көздеді. «Тізім Қалмыков қаласына тапсырылады» деген хабарды естігеннен кейін Сенғали Дәуешұлы бастаған 200-ден астам көтерілісшілер №14 ауыл старшыны Қали Жантөліұлынан тізімді тартып алып, өртеп жібереді [3, 15-16 б.]. Көтерілісті басу мақсатында Орал әскери губернаторы пулемет, зеңбірек секілді сол



кездегі заманауи атыс құралдарымен қаруланған казак әскери жасақтарын Соғалы болысына аттандырды. Қаракөл және Соғалы көтерілісшілері Ойыл өзенінің бойында жазалаушы отрядтарға қарсы қарулы қарсылық көрсетті. Алайда сойыл, шоқпар, найза сияқты қарапайым қару-жарақтармен қаруланған көтерілісшілер казак әскеріне төтеп бере алмай, нәтижесінде көтеріліс қатал түрде басып-жаншылды. Тарихи деректерге сәйкес, қолға түскен көтерілісшілер Орал түрмесіне қамалды. Тергеу барысында Сенғали Дәуешұлы жауапкершілікті өз мойнына алып, өзгелерді қорғауға тырысқан. Соған қарамастан, жандармериялық сот 15 адамды өлім жазасына кесу туралы үкім шығарған. Дегенмен 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкімет жариялаған амнистия негізінде бұл үкімдердің күші жойылып, тұтқындар босатылды [4, 49-50 б.]. Соғалы көтерілісі патшалық отарлық басқару жүйесінің жергілікті деңгейде әлсірей бастағанын, сондай-ақ казак қоғамында саяси белсенділіктің артқанын айқын көрсетті. Бұл қозғалыс Қаратөбе өңірінде кеңестік биліктің орнығуына, әлеуметтік құрылымның өзгеруіне және жаңа әкімшілік басқару жүйесінің қалыптасуына алып келген өтпелі дәуірдің тарихи алғышарттарының бірі еді. Көтеріліс барысында қалыптасқан әлеуметтік серпіліс 1917–1920 жылдардағы революциялық қозғалыстар мен азамат соғысы кезеңінде де жалғасын тапты.

1917 жылдың соңына қарай Орал облысында Кеңес билігін орнату үдерісі күрделі әрі тұрақсыз жағдайда жүзеге асты. Қазак халқының басым бөлігі жаңа саяси жүйеге сақтықпен қарап, большевиктік билікке бірден сенім білдіре қойған жоқ. Бұған большевиктердің аграрлық және ұлттық мәселелер бойынша ұстанымдарының айқын болмауы, сондай-ақ жергілікті халық мүддесіне қатысты нақты бағдарламаның ұсынылмауы себеп болды. Соған қарамастан, 1918 жылғы 15–16 қаңтарда өткен шаруалар депутаттарының облыстық съезі большевиктердің бастамасымен Орал облысында Кеңес өкіметін орнату туралы шешім қабылдады [5, 154 б.]. Осы саяси жағдайда 1918 жылғы 18 ақпанда Қаратөбе ауылында Орал казактарының III съезі өтті. Съезд өткізу орны ретінде Қаратөбенің таңдалуы бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, бұл өңірде казак халқы тығыз қоныстанған еді. Екіншіден, сол кезеңде Орал қаласында Уақытша әскери казак үкіметі мен революциялық комитеттің қатар қызмет атқаруы саяси тұрақсыздық туғызып, қауіпсіз жағдай қалыптастырмады. Үшіншіден, Қаратөбе географиялық жағынан қолайлы аймақта орналасып, көршілес болыстар мен уездерден делегаттардың еркін жиналуына мүмкіндік берді. Төртіншіден, съезге Бөкей ордасынан, Орал, Ілбішін және өзге де уездерден өкілдердің қатысуы оның жалпыұлттық сипат алуына жол ашты. Қаратөбе съезінің басты мақсаты казак халқының саяси өзін-өзі басқару тетіктерін айқындау, яғни ұлттық мемлекеттік құрылымның негіздерін қалыптастыру болды. Осы мақсат аясында съезде үш өзекті мәселе талқыланды: ұлттық үкімет құру, ұлттық әскери күш жасақтау және салық жинау мен қаржы жүйесін реттеу. Съезд жұмысы барысында, әсіресе қаржы және әскери ұйым мәселелерінде әртүрлі әлеуметтік топтар арасында пікір қайшылықтары орын алды. Соған қарамастан, Жаһанша Досмұхамедовтың саяси беделі мен ұйымдастырушылық қабілеті пікірталастарды белгілі бір арнаға түсіріп, жағдайды тұрақтандыруға ықпал етті. Оның баяндамалары мен сөздері казак қоғамын бірлікке, ұлттық намыс пен дербестікті қорғауға үндеді. Қалыптасқан бұл құрылым казак мемлекеттілігінің идеялық негізін айқындаған алғашқы ұлттық басқару тәжірибелерінің бірі ретінде бағаланады [6, 48-54 б.]. 1918 жылғы Қаратөбе съезі казак халқының саяси сана-сезімі мен ұйымшылдық деңгейінің өскенін көрсеткен маңызды тарихи оқиға болды. Ол бір жағынан ұлттық мемлекеттік идеясын нығайтса, екінші жағынан Кеңес билігіне балама саяси бағыт ретінде казак зиялыларының әлеуетін танытты. Съезд шешімдері толық көлемде жүзеге аспағанымен, оның идеялық мұрасы кейінгі кезеңдерде Қазақстан аумағында ұлттық автономиялар мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасуына елеулі ықпал етті. Алайда Кеңес өкіметінің күшеюі және большевиктік күштердің Орал өңірінде үстемдікке жетуі Қаратөбе съезінде қабылданған шешімдердің іске асуына кедергі келтірді.

Кеңес билігі орныққаннан кейінгі алғашқы онжылдықта Қазақстанда мемлекеттік басқаруды біріздендіру және орталыққа бағындыру саясаты күшейе түсті. Бұл кезеңде бұрынғы губерниялық және уездік жүйе кеңестік басқару моделіне сәйкес келмейтін құрылым ретінде бағаланды. Соның салдарынан республика аумағында жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініс жасау қажеттілігі туындады. 1928 жылғы 17 қаңтарда Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің алтыншы шақырылымының екінші сессиясында Қазақстанды жаңа әкімшілік-аумақтық негізде қайта құру туралы шешім қабылданды. Қабылданған шешімге сәйкес патшалық кезеңнен қалған губерниялар мен уездер таратылып, олардың орнына округтер мен аудандар жүйесі енгізілді. Мұндай қайта құру кеңестік биліктің саяси бақылауын күшейтуге және жергілікті басқару жүйесін оңтайландыруға бағытталды. Әкімшілік реформаны жүзеге асыру бірнеше кезеңде іске асты. Қазақ АКСР Орталық Атқару комитеті Президиумының 1928 жылғы 13 наурыз және 15 мамыр күндеріндегі қаулыларына сәйкес аудан және округ шекараларына бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл түзетулер аумақтардың экономикалық, географиялық және демографиялық ерекшеліктерін ескеру негізінде жасалды. Ал 1928 жылғы 3 қыркүйекте РСФСР БОАК-тің алтыншы шақырылымының үшінші сессиясында аталған өзгерістер ресми түрде бекітіліп, жаңа аудандастыру жүйесі заңдастырылды. Осы



шешімдер кеңестік басқару жүйесінің құқықтық негізін нығайтып, жергілікті билік органдарының қызметін орталықтандырылған тәртіпке келтірді. Әкімшілік реформаның нәтижесінде Қазақстан аумағында бірнеше округ құрылды. Солардың бірі 15 ауданнан тұратын Орал округі болды. Бұл округ қазіргі Батыс Қазақстан өңірін қамтып, экономикалық әрі әкімшілік тұрғыдан стратегиялық маңызы бар аймақ ретінде қарастырылды. Орал округінің құрамына жаңадан құрылған аудандардың бірі ретінде Қаратөбе ауданы енгізілді [7, 4-5 б.]. Аталған ауданның ұйымдастырылуы өңірдегі басқару жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық үдерістерді бақылауды күшейтуге мүмкіндік берді. Кеңестік билік үшін Қаратөбе ауданы ауыл шаруашылығы әлеуеті жоғары аумақ ретінде ерекше мәнге ие болды.

Қаратөбе ауданы бірнеше болыс пен ауылдық елді мекендердің бірігуі негізінде қалыптасты. Оның құрамына Жақсыбай, Қалдығайты, Сабынкөл болыстары, сондай-ақ Жымпиты уезіне қарасты Байғұтты, Бұлдырты және Өлеңті болыстарының бірқатар ауылдары кірді. Мұндай аумақтық біріктіру кеңестік басқару логикасына сай жүзеге асырылды. Ауданның жалпы жер көлемі 10 599 шаршы шақырымды құрады. Бұл көрсеткіш Қаратөбе ауданының ірі әкімшілік-аумақтық бірлік болғанын және оны басқару үшін арнайы жаңа басқару құрылымдарының қажеттілігін айғақтайды [8, 120 б.].

Жаңадан құрылған Қаратөбе ауданына кешенді сипаттама беру мақсатында арнайы очерк әзірленіп, 1929 жылы жарық көрді. Бұл еңбекті дайындау ісіне бірнеше зерттеуші мен сала мамандары тартылып, очерктің мазмұны ауданның әлеуметтік-экономикалық және табиғи ерекшеліктерін жан-жақты қамтуға бағытталды. «Жалпы мәліметтер», «Халық» және «Шаруашылық» тарауларын Г. Н. Дроздов дайындап, онда ауданның демографиялық ахуалы мен шаруашылық құрылымына қатысты деректер жүйеленді. «Табиғи-тарихи орта» бөлімі И. В. Лариннің қаламынан туып, «Гидрография» тарауын И.И.Фолимонов толықтырды. Бұл бөлімдер Қаратөбе ауданының табиғи жағдайларын ғылыми негізде сипаттауға арналды. Ауданның шаруашылық құрылымы негізінен ауыл шаруашылығы саласына бағытталған болатын. Осы бағыттағы мәліметтерді жинақтау барысында ведомстволық есептік материалдар кеңінен қолданылды. «Кооперация» тарауын В. Я. Миллер, Г. Н. Дроздов және Б. Д. Приселков бірлесіп отырып әзірлеп, онда аудан аумағында кооперативтік қатынастардың қалыптасу деңгейі мен даму ерекшеліктері көрсетілді. «Алмасу» тарауын Я. Л. Вигдерзон дайындап, онда тауар айналымы мен айырбас қатынастарына қатысты деректер берілді. Ал аудан бюджетіне байланысты мәселелерді Г. С. Якимович қарастырды. Аталған материалдар Қаратөбе ауданының экономикалық әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ауданның әлеуметтік және мәдени инфрақұрылымына қатысты мәселелер де назардан тыс қалмады. «Желі» тарауын Г. Н. Дроздов, Г. С. Якимович және В. Д. Четко дайындап, халық ағарту саласына қатысты ведомстволық деректерді пайдаланды. Бұл бөлім кеңестік биліктің білім беру және мәдени саясатты жергілікті деңгейде жүзеге асыру тетіктерін сипаттайды [8, 119 б.].

Қаратөбе ауданының құрылуы оның табиғи-географиялық орналасу ерекшеліктерімен тығыз байланысты болды. Аудан Каспий маңы ойпатында орналасып, жер бедері негізінен жазық және төбешікті құмды алқаптардан тұрды. Мұндай табиғи жағдай дәстүрлі мал шаруашылығының дамуына қолайлы болғанымен, егіншілік пен тұрақты инфрақұрылым қалыптастыруда белгілі бір қиындықтар туғызды. Ауданның жалпы аумағы 1 059 993 гектарды құрап, бұл көрсеткіш бойынша ол Орал округі аумағында бесінші орынға ие болды. Әкімшілік жағынан Қаратөбе ауданы 29 ауылдық кеңеске бөлініп, олардың құрамына 424 ауыл мен қыстау кірді. Мұндай ұсақ елді мекендердің көп болуы көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрлерінің басым болғанын көрсетеді. Ауданның әкімшілік орталығы ретінде Қаратөбе ауылы белгіленіп, ол басқару, сауда және мәдени өмірдің негізгі шоғырланған орталығына айналды [8, 120 б.].

1928 жылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес Қаратөбе ауданы халқының саны 34 072 адамды құрады. Ұлттық құрамы жағынан тұрғындардың негізгі бөлігін қазақтар құраса, тек аудан орталығы Қаратөбе ауылында аздаған татар отбасылары қоныстанды. Бұл жағдай аудан халқының этникалық тұрғыдан салыстырмалы түрде біркелкі екенін аңғартады. Революциядан кейінгі кезеңде отбасылық құрылымда елеулі өзгерістер байқалды. Мәселен, 1917 жылы бір отбасының орташа саны 5,15 адамды құраса, 1928 жылға қарай бұл көрсеткіш 4,30 адамға дейін төмендеді. Мұндай өзгеріс ірі патриархалдық отбасылардың ыдырап, ұсақ жеке шаруашылықтарға бөлінуімен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар халықтың қоныстану тығыздығы төмен деңгейде қалып, бір шаршы шақырымға орта есеппен 3,21 адамнан ғана келді [8, 137-138 б.].

Қаратөбе ауданы экономикасының негізгі тірегі ауыл шаруашылығы саласы болды. Жалпы шаруашылық құрылымында мал шаруашылығы жетекші орын алып, аудан экономикасының 80,2%-ын қамтамасыз етті. Бұл көрсеткіш Қаратөбе өңірінде дәстүрлі шаруашылық бағытының сақталып қалғанын айқын аңғартады. Ірі қара мал өсіру аудан тұрғындары үшін басты табыс көзі саналып, жалпы кірістің 57,3%-ы осы саланың үлесіне тиді. 1917 жылмен салыстырғанда ірі қара мал санының 41,6%-ға артуы бұл



саланың салыстырмалы түрде тұрақты дамығанын көрсетеді. Ал жылқы мен түйе санының тиісінше 30,4% және 45,4%-ға қысқаруы халықтың біртіндеп көшпелі өмір салтынан отырықшы тұрмысқа көше бастағанын білдіреді [8, 154-158 б.].

Егіншілік аудан экономикасында қосалқы сипатта қалыптасты. Егістік жерлердің 98,06%-ына тары егілгені бұл саланың біржақты дамығанын көрсетеді. Ауыл шаруашылығы техникасының жеткіліксіздігі егіншілік өнімділігін айтарлықтай шектеді: сепкіш машиналар мүлдем болмады, дән себу жұмыстары қолмен жүргізілді, ал әрбір он үйге небәрі бір соқа ғана келді [8, 141 б.]. Жақсыбай және Қалдығайты өзендері бойында салынған бөгеттер шөп шығымын арттыруға мүмкіндік беріп, мал азығы қорын қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл шаралар аудан экономикасының мал шаруашылығына жоғары деңгейде тәуелді болғанын тағы да айқындайды.

1927-1928 жылдары Қаратөбе ауданындағы жалпы тауар айналымы 2 470 066 рубльді құрады. Оның 82,9%-ы мемлекеттік және кооперативтік сектордың үлесіне тиіп, жеке меншік сауданың көрсеткіші бар болғаны 17,1% деңгейінде қалды. Бұл кеңестік экономикалық саясаттың жергілікті деңгейде біртіндеп жүзеге аса бастағанын көрсетеді. Ауданда барлығы 180 сауда орны тіркелді. Олардың көпшілігі жеке меншік дүкендер болғанымен, экономикалық тиімділік тұрғысынан мемлекеттік сауда айқын басымдық танытты. Атап айтқанда, бір мемлекеттік сауда нүктесіне шаққандағы жылдық айналым 68 766 рубльді құраса, жеке меншік дүкендерде бұл көрсеткіш небәрі 3 121 рубльмен шектелді. Аудан орталығы Қаратөбе ауылында жыл сайын 26 мамыр мен 5 маусым аралығында өткізілген жәрмеңке жергілікті экономикалық өмірде маңызды орын алды. Жәрмеңкенің тауар айналымы 1923 жылғы 58 000 рубльден 1925 жылы 395 750 рубльге дейін өсіп, жалпы жылдық сауда айналымының кемінде 15%-ын қамтыды. Ауданның сауда балансы активті сипат алды. Сыртқа шығарылған өнімнің жалпы құны 567 053 рубльді құрап, оның 77,3%-ы мал шаруашылығы өнімдеріне, атап айтқанда тірі малға, жүн мен теріге тиесілі болды. Бұл деректер Қаратөбе ауданының Атырау және Ақтөбе округтерімен тығыз сауда-экономикалық байланыста болғанын көрсетеді. 1927–1928 жылдары аудан халқының жалпы ақша айналымы 772 645 рубльді құрады. Кірістің негізгі бөлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан түсіп, оның үлесі 73,3%-ға жетті. Ал шығындардың 90,4%-ы тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсалды. Бұл жағдай халықтың жинақ жасау мүмкіндігінің шектеулі болғанын және күнделікті тұрмыстық қажеттіліктердің басымдыққа ие екенін аңғартады [8, 166-174 б.].

Қаратөбе ауданындағы әлеуметтік инфрақұрылым кеңестік саясат талаптарына сәйкес біртіндеп дамыды. Ауданда 21 мектеп жұмыс істеп, оларда 1 036 оқушы білім алды. Оқушылар құрамында қыз балалардың үлесі небәрі 14,6%-ды құраса, қалған басым бөлігі ер балалар болды. Денсаулық сақтау саласында 10 кереуеттік аурухана, үш фельдшерлік пункт және бір жылжымалы амбулатория қызмет көрсетті. Сонымен қатар мал шаруашылығына бір мал дәрігері мен үш фельдшер қызмет көрсетті. Келтірілген деректер Қаратөбе ауданының 1928–1929 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы кеңестік әкімшілік реформалардың тікелей нәтижесі болғанын көрсетеді. Аудан экономикасы негізінен мал шаруашылығына тәуелді күйінде қалды, ал сауда мен кооперация жүйесі халықты социалистік экономикалық қатынастарға тартудың негізгі тетігіне айналды. Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы баяу жүргенімен, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында алғашқы институционалдық қадамдар жасалды [8, 181-183 б.].

1928 жыл Қазақстан тарихында жаңа әкімшілік бөлінісімен қатар, кеңестік аграрлық саясаттың жаңа кезеңінің басталуымен есте қалды. 1928 жылғы 27 тамызда БК(б)П Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша Қазақ АССР ОАК пен Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу туралы» декрет қабылдады. Бұл қаулы қазақ қоғамындағы экономикалық ықпалды топтарды – бай-феодалдарды «жат элементтер» санатына жатқызып, олардың шаруашылықтарын тәркілеуге және отбасымен бірге жер аударуға міндеттеді. Декреттің негізгі мақсаты – ауылдарды кеңестендіру, таптық жіктелуді күшейту арқылы кедейлерді билікке тарту, байларды әлеуметтік-саяси күш ретінде жою, ұжымдастыру науқанына әлеуметтік база дайындау болды. Қаулы қабылданбас бұрын жергілікті деңгейде ірі байлардың саны анықталып, кейін орталыққа ұсынылды [9, 12-13 б.]. Мәселен, Қазақстан бойынша тәркілеуге жатқызылған 696 байдың ішінде Орал округінде 71 бай тіркеліп, оның 51-і бірінші, 15-і екінші топқа кірді. Қаратөбе ауданынан бірінші топқа 7, екінші топқа 2 бай енді, жалпы саны – 9, олардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері отбасыларымен бірге жер аударылды [10, 305 п.].

Тәркілеу науқаны тек экономикалық шара ғана емес, сонымен бірге кеңестік идеологияны нығайту құралы ретінде де қарастырылды. Осы мақсатта Орал округтік партия органдары баспасөз беттерінде бірқатар насихаттық мақалалар жариялады. Мысалы, округтік атқару комитетінің төрағасы Иралин «Конфискация и наши задачи» мақаласында байларды тап жауы деп сипаттады. Белсенділер Зұлхайыров пен Сармұлдаев тәркілеуді «ауылдық кеңестендірудің басты шарты» деп түсіндірді, ал комсомол мүшелері жастарды байларға қарсы күреске шақырды [9, 17-18 б.]. Мұндай шаралар кедейлерді



байларға қарсы қою, ауыл ішіндегі әлеуметтік жіктелуді тереңдету және тап күресін күшейтуге бағытталды. Дегенмен, дәстүрлі қазақ қоғамында байлар негізінен халықтың қамқоршысы және аймақтық экономикалық-саяси күштің тірегі болғандықтан, жергілікті халық тәркілеуді толық қолдады деп айту қиын еді. Сол себептен ұжымдастыру саясатын іске асыруда байларды түп-тамырымен жою басты мақсатқа айналды.

Орал округтік атқару комитетінің 1928 жылғы 1 қыркүйектегі алғашқы отырысында тәркілеу шараларын ұйымдастырудың нақты кезеңдері бекітілді. Осы отырыста округ бойынша 71 байдың аты-жөні жарияланып, олардың мал-мүлкін тәркілеу және отбасымен бірге жер аудару мәселесі күн тәртібіне қойылды. Республика бойынша тәркілеуде Орал округі Семей және Алматыдан кейін үшінші орында тұрғаны байқалды. Бұл Батыс Қазақстан өңірінде тәркілеудің қарқынды жүргізілгенін көрсетеді. Тәркілеу қаулысында бірінші топқа ауданның аса ірі байлары әлеуметтік күш ретінде енгізілсе, екінші топқа ауқатты, кеңестік құрылысқа ықпалы бар атқамінерлер мен төре тұқымдары енді. Екеуі де жергілікті деңгейде кеңеске қарсы топтар санатына жатқызылып, әлеуметтік және саяси күш ретінде жойылуға тиіс болды. Облыста тәркілеу іс-шаралары 1-20 қыркүйек аралығында ұйымдастырылып, 21 қыркүйек пен 20 қазан аралығында байлардың мал-мүлкін тәркілеу және оларды басқа аумаққа жер аудару жұмыстары жүргізілді. Жергілікті билік 1 қарашаға дейін тәркілеу мен жер аударуды аяқтау жоспарын жасап, Қаратөбе ауданына уәкілетті өкіл ретінде Ізбасаровты жіберді. Ол 7-20 қыркүйек аралығында ауданды аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, келесідей мәліметтер ұсынды:

- 2 101 бас ірі қара тәркіленді;
- 263 бас кедейлердің қарызын өтеуге берілді;
- 1 382 бас мал жаңа құрылған 354 жеке шаруашылықтарға(кедейлерге) бөлініп берілді;
- 452 бас мал жаңадан құрылған колхоздарға тапсырылды;
- Науқанға шамамен 9000 адам тартылып, олардың ішінде белсенді 580 адамнан тұратын “көмекші комиссия” құрылған [11, 108-109 п.].

1928 жылғы байларды тәркілеу саясаты Қазақстанның барлық өңірінде үлкен әлеуметтік-саяси әсер етті, оның ішінде Қаратөбе ауданы да ауыр зардапқа ұшырады. Аудан аумағында тәркілеу жұмыстары 1928 жылғы қыркүйек айында күшейіп, арнайы өкілдер ауылдарды аралап, байлардың мал-мүлкін көзбен көріп, қолмен есепке алды. Бұл науқанның формалды емес, қатаң бақылаумен жүргізілгенін көрсетеді. Кейбір байлар малын жасыруға тырысса, енді біреулері оны туыстарына уақытша беріп, санын азайтуға әрекет жасады. Дегенмен, барлық әрекеттер нәтижесіз болып, өкілдер тек көрген және ұсталған малды қағазға енгізсе де, негізгі шаруашылықтар толық тәркіленді. Осы ретте, байлардың жер аударылған мекендері туралы нақты деректердің сақталмағаны айтарлықтай күмән туғызады. Себебі Қазақ ОАК қаулысында Орал округі байларының Алматы мен Жетісу өңірлеріне көшуі тиіс екені көрсетілген, бірақ байлардың нақты қай жерге жеткізілгені туралы құжаттар табылмаған [9, 29-30 б.]. Бұл құжаттық деректердің толық сақталмауы Кеңес билігінің науқанды құпия жүргізуге тырысқанын көрсетеді.

1928 жылдың 21 қыркүйегінде Қаратөбе ауданы бойынша бірнеше ірі байларға кеңестік жер аудару куәліктері берілді. Олардың ішінде бірінші топқа жатқызылған Гийлманов Рахым, Шәуілдіков Өтеқожа, Шәуілдіков Қали, Орынбаев Жұмағали, Достанов Бисәлі, Жалмағанбетов Жоламан, Бекбатыров Жанай және екінші топқа жатқызылған Шомбалов Қаратай және Әжібаев Мұқан сияқты байлар бар (Сурет 1) [10, 301 п.]. Бұл тізім Қаратөбе өңірінің ең ықпалды және ең бай әулеттерін қамтып, олардың қоғамдағы беделі, мал саны және ауыл шаруашылығына қатысуы арқылы ел ішінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Тәркілеу науқанының әлеуметтік-экономикалық әсері Қаратөбе ауданы үшін өте ауыр болды. Бай шаруашылықтарында жұмыс істейтін тұрақты және жалдамалы отбасылар, маусымдық еңбекшілер табыс көзінен айырылды, бұл ауылдағы әлеуметтік теңсіздіктің күрт күшеюіне алып келді. Тәркіленген мал мен мүлік ресми түрде кедей шаруаларға немесе ұжымдық шаруашылықтарға бөлінгенімен, материалдық база мен тәжірибенің болмауы салдарынан ол малдар дұрыс игерілмеді. Осылайша, тәркілеу іс-шаралары дәстүрлі мал шаруашылығы жүйесін бұзып, кейінгі ұжымдастыру және ашаршылық кезеңдерінде әлеуметтік-экономикалық апаттың алғышарттарын қалыптастырды. Статистикалық деректерді қарастырсақ, 1917 жылы Қаратөбе аймағында 34 157 адам тіркелген, жылқы саны – 25 656, ірі қара – 62 025, түйе – 3 812, қой – 157 778, ешкі – 21 141 [12, 6 б.]. Ал 1928 жылы аудан құрылған кезде халық саны 34 072 адам, жылқы – 8 116, ірі қара – 87 868, түйе – 1 694, қой – 102 351, ешкі – 25 588 болды [7, 80–81 б.]. Бұл көрсеткіштер халық саны айтарлықтай өзгермегенін көрсетсе де, шаруашылық құрылымында айқын диспропорцияларды байқатады. Әсіресе көшпелі шаруашылық үшін негізгі мал түрі болған жылқы 68,4% азайып, түйе 55,6% қысқарды. Ал ірі қара саны 41,7% өсіп, ешкі саны 21% артқан. Бұл деректер Қаратөбе өңірінің дәстүрлі көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа бейімделу үрдісін көрсетеді.



С П И С О К

Баия, қоныс алғанды уақыттарына олардың өзгерістері

Семия және иясы. Қайсы топта. Қайсы аудандық округ.	№	Қайсы аудандық округ.	Қайсы аудандық округ.
ГИЙМАНОВ Рахим I гр.	-	Қаратөбелік округі	6351-21/IX
БАЙБЕКОВ Уәлихан	-	-	6352-21/IX
БАЙБЕКОВ Қали	-	-	6353-21/IX
СҒИЯС Дәулетқали	-	-	6354-21/IX
ДОСТАЕВ Василь	-	-	6355-21/IX
ДӘУЛӘМАНОВ Дәулетқали	-	-	6356-21/IX
БАҚБАТҚАНОВ Дәулет	-	-	6357-21/IX
БӘКБАТОВ Қарашан II гр.	-	-	6358-21/IX
АББАВ Пүскін	-	-	6359-21/IX

В е р н о : Дәулетқали, с/ч Округ "а" - /МАРКОВ/

1 - сурет. 1928 ж. Қаратөбе ауданы бойынша жер аударылғаны туралы куәлік берілген байлар тізімі

XX ғасырдың 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басында Қаратөбе өңірінде ұжымдастыру үдерісі негізінен күштеу және әкімшілік-бұйрықтық тәсілдер арқылы іске асырылды. 1928 жылы Орал округі аумағында 87 артель мен 18 ауыл шаруашылық серіктестігі құрылғанымен, ұйымдастырудағы кемшіліктер мен материалдық базаның әлсіздігі салдарынан олардың көпшілігі ұзақ уақыт өмір сүре алмады. 1929 жылғы қазан айындағы ресми деректерге сәйкес, Қаратөбе ауданында бар болғаны 4 колхоз ғана жұмыс істеп тұрды, бұл ұжымдастыру деңгейінің өзге аудандармен салыстырғанда баяу жүргенін көрсетеді. Соған қарамастан, кеңестік билік тарапынан астық дайындау науқаны аса қатаң сипат алды. 1929 жылдың желтоқсанында Қаратөбе ауданына белгіленген астық тапсыру жоспары 94,8 пайызға орындалды. Алайда бұл көрсеткіштер халықтың күнкөрісіне қажетті азық-түлік қоры ескерілмей, шаруалардың соңғы өнімін күштеп алу арқылы жүзеге асырылды. Мұндай асыра сілтеу әрекеттері 1930 жылдардың басында өңірде жаппай ашаршылықтың басталуына тікелей себеп болды. Деректер Қаратөбе ауданындағы ахуалдың аса ауыр болғанын дәлелдейді. Атап айтқанда, №13 ауылда 8 адамның аштықтан көз жұмғаны тіркелсе, №13 және №20 ауылдарда 5 кедей отбасының толықтай азықсыз қалғаны көрсетілген. №13 пен №25 аралығындағы ауылдарда кедейлер мен батрақтар тамақ тапшылығынан жерден қазып алынған өсімдік қалдықтарын қорек етуге мәжбүр болды. Ал №6 ауылда аштыққа ұшырағандардың үлесі халықтың 50 пайызына дейін жеткен [13, 566-569 б.]. Аштық пен зорлық-зомбылыққа төзе алмаған тұрғындар жаппай қоныс аудара бастады. 1930 жылдың тамыз айындағы мәліметтерге қарағанда, Қаратөбе ауданындағы халықтың шамамен жартысы өз мекендерін тастап, көшіп кеткен. Жергілікті билік бұл үдерісті тоқтатуға әрекеттенгенімен, кері оралған шаруалардың колхоздарға қабылданбауы әлеуметтік жағдайды одан әрі ушықтырды [14, 126 б.]. Бұл үдеріс өңірдегі дәстүрлі шаруашылық жүйесінің түбегейлі күйреуіне алып келіп, халықты терең әлеуметтік және демографиялық дағдарысқа ұрындырды.

1930-1950 жылдар аралығы Қаратөбе өңірінің әлеуметтік тарихында аса күрделі әрі қайшылықты кезең болды. Кеңестік саяси жүйенің орнығуымен қатар, бұл жылдар жаппай саяси қуғын-сүргін мен соғыс зардаптарымен сипатталды. Деректерге сәйкес, 1926-1953 жылдар аралығында өңір бойынша 124 адам саяси айыптаулармен жауапқа тартылып, олардың 51-і «халық жауы» ретінде ату жазасына кесілген. Бұл көрсеткіштер репрессиялық саясаттың жергілікті қоғамға тигізген ауыр зардабын айқын көрсетеді [13, 88 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдары (1941-1945) Қаратөбе ауданы майданға айтарлықтай адам ресурсын жіберді. Қаратөбе әскери комиссариаты арқылы 3752 адам әскерге шақырылып, олардың 1027-сі соғыс жылдары елге оралған. Сонымен қатар, 956 жауынгер хабар-ошарсыз кеткен, 837 жауынгердің отбасына қаралы қағаз келген, 100 жауынгер госпитальда қайтыс болған, ал 3 жауынгер тұтқында қаза тапқан. Тағы 532 адам 1945–1950 жылдары кадрлық әскери қызметте қалдырылған. Бұл мәліметтер соғыстың аудан халқы үшін қандай ауыр демографиялық салдар әкелгенін көрсетеді. Соғыс жылдарында тылдағы еңбек те ерекше маңызға ие болды. Майданға кеткен ер-азаматтардың орнын әйелдер, қарттар мен жасөспірімдер басты. 1941 жылдың өзінде-ақ аудан еңбеккерлері Қызыл Армияға 249 фуфайка, 449 жұп биалай, 1590 кг жүн және 500 дана тері тапсырған. Сол жылы «Аққозы» совхозының еңбеккерлері майдан қажетіне 16 900 сом қаржы және 10 тонна ет жөнелткен. 1942 жылы аудандағы 22 колхоз бен шамамен 60 бөлімше



социалистік міндеттемелерін орындап шыққан. Осылайша, саяси қуғын-сүргін мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы оқиғалар Қаратөбе өңірінің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуына ауыр соққы болды. Нақты статистикалық деректер бұл кезеңнің жергілікті қоғам үшін қандай қасіретті салдарға әкелгенін айқын дәлелдейді [7, 125-128 б.].

1931 жылы қазіргі аудан орталығы орналасқан аумақ №30 ауыл ретінде тіркелген. Дәл осы елді мекен негізінде Қаратөбе және Қаракөл өңірлерінен «Тұщықара» мен «Аққозы» совхоздары ұйымдастырылды. Кейінірек КСРО Совхоздар министрлігінің, Батыс Қазақстан ет тресінің шешімімен №441 «Аққозы», «Тұщықара» және «Қаратөбе» шаруашылықтары біріктіріліп, «Қаратөбе ет совхозы» деген атауға ие болды. 1930 жылғы 23 шілдеде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің «Округтік жүйені жою туралы» қаулысы қабылданды. Осы шешімге сәйкес Қаратөбе ауданы таратылып, оның аумағы Жымпиты және Тайпақ аудандарының құрамына берілді. Алайда 1935 жылғы 31 қаңтарда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің қаулысы негізінде Қаратөбе ауданы қайтадан қалпына келтірілді. 1938-1952 жылдар аралығында Қаратөбе ауданы аумағында 14 ауылдық кеңеске бағынған 28 колхоз және 2 совхоз жұмыс істеді. Атап айтқанда, Қаратөбе ауылдық кеңесіне – «Ақкөл» колхозы; Аққолқа ауылдық кеңесіне – «Жұмыскер» және «Қазақстан»; Қалдығайты ауылдық кеңесіне – «Алғабас»; Қосағаш ауылдық кеңесіне – «Калинин» және «Жігерлен»; Егіндікөл ауылдық кеңесіне – «Социализм» және «Жаңақоныс»; Каганович ауылдық кеңесіне – «Қоскөл» және «Жаңаталап»; Шалғын ауылдық кеңесіне – «Бұлдырты» және «Сталин»; Ханкөл ауылдық кеңесіне – «Егіндіой», «Интернационал», «Қарасу», «Ұмтыл»; Сабынкөл ауылдық кеңесіне – «Бесоба», «Қоғалыкөл», «Жусандыой»; Соналы ауылдық кеңесіне – «Ворошилов», «Коминтерн», «Молотов», «Крупская»; Батпақкөл ауылдық кеңесіне – «Жаңабағыт», «Киров», «Қызыл ту»; Саралжын ауылдық кеңесіне – «Айна» және «Жаңа тілек» колхоздары қарады. Ал Аққозы ауылдық кеңесінің құрамында «Аққозы» совхозы, Қаракөл ауылдық кеңесінде «Қаратөбе» совхозы орналасты [7, 22-23 б.].

Қорытынды

Зерттеу барысында қарастырылған деректер Қаратөбе өңірінде ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында жүргізілген кеңестік аграрлық саясаттың аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына аса ауыр салдар әкелгенін көрсетеді. 1928 жылғы байларды тәркілеу науқаны мен одан кейінгі күштеп ұжымдастыру шаралары дәстүрлі мал шаруашылығына негізделген экономикалық жүйені күйретіп, өңірдегі шаруашылық құрылымның түбегейлі өзгеруіне алып келді. Мал басының жаппай тәркіленуі мен дұрыс ұйымдастырылмаған ұжымшар жүйесі ауыл халқының негізгі күнкөріс көзінен айырылуына себеп болды. Сонымен қатар, байлар мен ықпалды ауыл ақсақалдарының қуғын-сүргінге ұшырауы, кейінгі соғыс жылдары жергілікті өзін-өзі басқару дәстүрлерін әлсіретіп, әлеуметтік тұрақтылықты шайқалтты. Архивтік және статистикалық деректер Қаратөбе ауданында мал санының күрт азайғанын, көшпелі шаруашылықтың ыдырағанын және халықтың жаппай кедейлену мен ашаршылыққа ұшырағанын айқын дәлелдейді. Бұл үдерістер өңір тұрғындарының жаппай көшуіне, демографиялық ахуалдың нашарлауына әкелді. Қаратөбе өңірінің мысалында кеңестік аграрлық реформалардың экономикалық қана емес, саяси-идеологиялық сипатта жүргізілгені және олардың ұзақ мерзімді зардаптары болғаны анық байқалады. Сондықтан аталған кезеңді аймақтық деректер негізінде зерттеу кеңестік саясаттың шынайы бет-бейнесін ашуға, ұлттық тарихи жадыны қалпына келтіруге және ХХ ғасырдағы қазақ қоғамы бастан өткерген әлеуметтік апаттың ауқымын терең түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002. 592 б.
- [2] Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1913 год. Уральск: Урал. обл. тип., 1913. 185 с.
- [3] Хасанов Қ. Соналы оқиғасы. Орал: Полиграфсервис, 2006. 43 б.
- [4] Құрманалин С.Б., Сағидуллина Ғ.О. Қайыржан Хасановтың қуғын-сүргін құрбандары туралы зерттеулеріне шолу // БҚИТУ Хабаршысы: №3 (31), 2024. 48-55 бб.
- [5] Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж., Рысбекова С.Т. Батыс Қазақстан облысы тарихы: оқу құралы. Орал: 2015. 292 б.
- [6] Бимұханов Е. Қаратөбеге барсаң... Орал: Полиграфсервис, 2023. 220 б.
- [7] Қаратөбе ауданы: Тарихи-танымдық анықтамалық. Орал: Агартушы, 2013. 160 б.
- [8] Уральский округ и его районы: Чалкарский, Джамбетейский, Каратюбинский, Тайпакский. Уральск : Издание Уральского Окрплана, 1929. 233 с.
- [9] Шарафутдинов З.Ғ. Байлар қалай тәркіленді. Орал: ШұғылаПринт, 2024. 88 б.
- [10] БҚО МА (Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві). 992 - к., 1-т., 7- іс.



- [11] БҚО МА (Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві). 992 - қ., 1-т., 1-іс.
[12] Қаратөбе ауданы: Тарихи-танымдық анықтамалық. Орал: Дастан, 2008. 178 б.
[13] Хайдаров Е.Е. Батыс Қазақстан облысындағы ұжымдастыру саясаты және халық наразылығы (1928–1932 жж.) // Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Asian Journal “Steppe Panorama”: Тарих сериясы № 2, 2025.559-574 б.
[14] Рысбеков Т. Өскен өлке тарихы. Орал: Полиграфия, 1997. 180 б.

REFERENCES

- [1] Batys Qazaqstan oblysy. Entsiklopediia [West Kazakhstan Region. Encyclopedia]. – Almaty: Arys, 2002. – 592 p. [In Kazakh].
[2] Pamiatnaia knizhka i adres-kalendar Uralskoi oblastina 1913 god [Commemorative Book and Address-Calendar of the Ural Region for 1913]. – Uralsk: Ural. obl. tip., 1913. – 185 p. [In Russian]
[3] Khasanov Q. Sonaly oqighasy [The Sonaly Event]. – Oral: Poligrafservis, 2006. – 43 p. [In Kazakh]
[4] Qurmanalin S.B., Saghidullina Gh.O. Qaiyrzhan Khasanovtyng qughyn surgin qurbandary turaly zertteulerine sholu [An Overview of Kaiyrzhan Khasanov's Research on Victims of Repression] // BQITU Khabarshysy: №3 (31), 2024. – p. 48-55. [In Kazakh]
[5] Rysbekov T.Z., Birimzharov B.Q., Qurmanalin S.B., Zhaqsyghaliev Zh.Zh., Rysbekova S.T. Batys Qazaqstan oblysy tarikhy: oququraly [History of the West Kazakhstan Region: Study Guide]. – Oral: 2015. – 292 p. [In Kazakh]
[6] Bimukhanov E. Qaratobege barsan... [If You Go to Karatobe...]. – Oral: Poligrafservis, 2023. – 220 p. [In Kazakh]
[7] Qaratobeaudany: Tarikhi-tanymdyq anyqtamalyq [Karatobe District: Historical and Educational Reference Book]. – Oral: Aghartushy, 2013. – 160 p. [In Kazakh]
[8] Uralskiiokrug i ego raiony: Chalkarskii, Dzhambeteiskii, Karatiubinskii, Taipakskii [Ural Okrug and its Districts: Chalkar, Jampety, Karatobe, Taipak]. – Uralsk: IzdanieUralskogoOkrplana, 1929. – 233 p. [In Russian]
[9] Sharafutdinov Z.Gh. Bailar qalai tarkilendi [How the Wealthy Were Confiscated]. – Oral: Shughyla Print, 2024. – 88 p. [In Kazakh]
[10] BQO MA (BatysQazaqstanoblystykmemlekettikarkhivi) [State Archive of West Kazakhstan Region]. F. 992, Inv. 1, D. 7. [In Kazakh/Russian]
[11] BQO MA (Batys Qazaqstan oblystykmemlekettik arkhivi) [State Archive of West Kazakhstan Region]. F. 992, Inv. 1, D. 1. [In Kazakh/Russian]
[12] Qaratobe audany: Tarikhi-tanymdyq anyqtamalyq [Karatobe District: Historical and Educational Reference Book]. – Oral: Dastan, 2008. – 178 p. [In Kazakh]
[13] Khaidarov E.E. Batys Qazaqstan oblysyndaghy uzhyym dastyru saiaasty zhane khalyq narazylyghy (1928–1932 zhzh.) [Collectivization Policy and Popular Protest in the West Kazakhstan Region (1928–1932)] // Sh. Ualikhanov atyndaghy tarikh zhane etnologia instituty, Asian Journal “Steppe Panorama”: Tarikh seriiasy № 2, 2025. – p. 559-574. [In Kazakh]
[14] Rysbekov T. Oskan olke tarikhy [History of the Native Land]. – Oral: Poligrafia, 1997. – 180 p. [In Kazakh]

Утемис Н.У., Боранбаева Б.С.

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАРАТОБИНСКОГО РЕГИОНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ И ИЗМЕНЕНИЯ

Аннотация. В данной статье анализируются особенности социально-политического и экономического развития Каратобинского региона в первой половине XX века на основе региональных данных. В исследовании рассматривались национально-освободительное движение 1916 года, общественно-политические изменения 1917-1920 годов, установление советской власти и общественные процессы в период административных реформ 1928 года. Восстание в соналинской волости расценивалось как проявление сопротивления местного населения колониальной политике, определялось ее влияние на рост политической активности региона. В результате реорганизации на административно-территориальной основе в 1928 году был образован Каратобинский район и включен в советскую систему управления. На основе архивных документов и статистических данных проанализирована демографическая ситуация, хозяйственная структура, торговый оборот и социальная инфраструктура района. Преобладание животноводства, плохое развитие земледелия и введение кооперативной системы отразили основные направления экономической трансформации. Кампания по конфискации богатых и



насилованная коллективизация 1928 года разрушили традиционную систему ведения сельского хозяйства, усилили социальную классификацию и создали предпосылки для голода. Вместе с тем, демографическая ситуация в годы политических репрессий и войны в долгосрочной перспективе сказалась на развитии региона. На примере Каратобинского района научно сформулированы последствия советских аграрных реформ на региональном уровне.

Ключевые слова: Каратобинский район; советская аграрная политика; конфискация; коллективизация; традиционное скотоводство; голод; социальные трансформации; демографический кризис; региональная история; репрессия.

Utemis Nurlan, Boranbayeva Baktyly
**SOCIO-ECONOMIC CONDITION OF THE KARATOBE REGION IN THE FIRST HALF OF
THE XX CENTURY: HISTORICAL CONTINUITY AND CHANGES**

Annotation. This article analyzes the features of socio-political and economic development of the Karatobe region in the first half of the twentieth century on the basis of regional data. The study examined the national liberation movement of 1916, socio-political changes in 1917-1920, social processes during the period of the establishment of Soviet power and administrative reforms of 1928. The uprising in the sonalyvolost was considered as a manifestation of the resistance of the local population to colonial policy, and its influence on the growth of political activity in the region was determined. As a result of the reorganization on an administrative-territorial basis in 1928, Karatobe district was created and included in the Soviet system of government. Based on archival documents and statistical data, the demographic situation, economic structure, trade turnover and social infrastructure of the district were analyzed. The priority of animal husbandry, poor agricultural development and the introduction of a cooperative system reflected the main directions of economic transformation. The rich confiscation campaign of 1928 and forced collectivization destroyed the traditional economic system, strengthened social classification and formed the prerequisites for famine. At the same time, the demographic situation during the years of political repression and war caused a long-term impact on the development of the region. On the example of karatobe district, the consequences of Soviet agrarian reforms at the regional level were scientifically formulated.

Keywords: Karatobe region; soviet agrarian policy; confiscation; collectivization; traditional cattle breeding; famine; social transformations; demographic crisis; regional history; repression.